



**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті
Философия, саясаттану және дінтану институты**

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІШТЕСТЕР!

2026 жылдың 16 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетіне қарасты «Философия, саясаттану және дінтану институты» ШЖҚ РМК **«Қазіргі қоғамдық трансформация үдерісіндегі қазақ философиясы»** тақырыбында дөңгелек үстел өткізеді.

Дөңгелек үстел «Түркі-қазақ философиялық дәстүрі: қазіргі қазақстандық қоғамның трансформациялану үдерісіндегі негізгі идеялар мен басымдылықтары» атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында өткізіледі. Дөңгелек үстел барысында М.С. Орынбековтің 80 жылдығына орай ғалымның философиялық мұрасын талқылау жоспарлануда.

Дөңгелек үстелдің мақсаты: Түркі дәуірінен бастау алып, бүгінгі күнге дейін рухани қайнар көздер негізінде қалыптасқан қазақ философиясының басым бағыттары мен идеялық әлеуетін заманауи қоғамдық трансформация үдерістері тұрғысынан талдау.

Дөңгелек үстел аясында Қазақстанның өзекті рухани-мәдени және әлеуметтік мәселелерін пайымдауда түркі-қазақ философиялық дәстүрінің әлеуеті талқыланады. Осыған байланысты бүгінгі таңда қазақ халқының рухани мәдениетін терең игеру мен оның құндылықтық және өмірмәндік бағдарларына негізделген бірегей ұлттық дүниетанымын жаңғыртудың маңызы ерекше артып отыр.

Негізгі бағыттары:

- Қазақ философиясы - профессор М.С. Орынбековтің философиялық шығармашылығының негізгі тақырыбы.
- Түркі-қазақ философиялық дәстүрін зерттеу контексіндегі қазіргі қоғамдық трансформацияның өзекті үрдістері.
- Қазіргі цифрлық әлем кеңістігіндегі қазақ философиясының рөлі мен маңызы.

Дөңгелек үстелдің жұмыс тілдері: **қазақ, орыс, ағылшын.**

Дөңгелек үстелге баяндама мәтіндерін тапсыру мерзімі – **2026 жылғы 1 қыркүйегіне дейін**. Дөңгелек үстел материалдары жинақ ретінде жарияланады. Баяндама мәтінінің көлемі – 6–8 бет. Материалдарды келесі e-mail-ге жіберу қажет: Nussipova_GI@iph.kz, +7 708 768 93 16, Нусипова Гультара Игенбаевна.

Мақала талаптары:

Мақала мәтіні MS Word бағдарламасында теріледі, Times New Roman қарпі, 14 кегль, 1 интервалдан кейін, тасымалданбай, ені бойынша туралау қажет. Жиектері: барлығы - 2 см, азат жол - 1,25. Мәтіндегі бөлімдерді қалың және курсивпен, астын сызып жазуға болмайды. Мәтіндегі библиографиялық сілтемелер тік жақшамен рәсімделеді.

Жоғарғы оң жақ бұрышында автордың тегі, аты және әкесінің аты, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, жұмыс орны мен қызметі, қаласы мен елі – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде көрсетіледі. Төменде, 1 интервалдан кейін, 14 кегльмен жартылай қалың қаріпте баяндаманың атауы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде беріледі. Файл doc немесе docx форматында сақталады. Файлдың атауы – автордың тегі мен инициалдары.

Тіркеу: 09:30 – 10:00. Дөңгелек үстел жұмысы: 10:00 – 13.00.

Өтетін орны: Алматы қ., Құрманғазы, 29, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 3 қабат, 317 конференц-зал.